



18/1-40 29.05.2026



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж. Сейтжанова
2026 ж.

"Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ
Эдвайзер қызметі туралы ереже

Е 407-2026

Күні	Көшірме	Басылым
		Үшінші

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 2 беті

Шымкент

«ОҚМА» АҚ Тіркеу офісі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.**

«ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛГЕН.**

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Терминдер, анықтамалар, белгілер, қысқартулар.....	4
3. Процестің сипаттамасы.....	7
4. Біліктілік талаптары.....	7
5. Эдвайзер мақсаттары.....	7
6. Эдвайзердің қызметтік міндеттері.....	7
7. Эдвайзердің кеңес беру қызметі.....	8
8. Эдвайзердің құқықтары мен міндеттері.....	8
9. Жауапкершілік және өкілеттіліктер.....	10
10. Библиография.....	11

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 4 беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік ұйымдық-өкімдік құжаттарын, "ОҚМА" АҚ Жарғысын, "ОҚМА" АҚ ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

- ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйелері;
- СБ 001-2024 Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы;
- СТ 004-2024 Қызметтік құжаттарды басқару;
- СТ 007-2024 Жазбаларды басқару;
- СТ 008-2024 Сапа саласындағы қауіп-қатерлерді басқару;
- СТ 010-2024 Басшылық тарапынан талдау;
- СТ 020-2024 Ішкі аудит;
- СТ 012-2025. Профессор-оқытушылар құрамының әкімшілік-басқару персоналының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

- СТ 023-2024. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

Ереже академияда білім алушылардың академиялық тәлімгерлері ретінде эдвайзерлердің жұмысын ұйымдастырудың негізгі ережелерін, құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

Ереже енгізілген сәттен бастап қолданылады және Академияның Сапа Кеңесінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

Эдвайзер қызметі Тіркеу офісінде құрылады. Эдвайзерлер саны белгіленеді, білім беру бағдарламаларының санына/факультеттегі дайындық бағыттарына және білім алушылардың санына байланысты.

Эдвайзерлер кафедра меңгерушісінің келісімімен ректордың бұйрығымен тағайындалады.

Эдвайзердің консультативтік жұмысы ПОҚ академиялық рейтингінің индикаторларын есептеу кезінде ескеріледі.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 5 беті

Оқытудың кредиттік жүйесі - бұл кредиттер түріндегі білім көлемін есепке алу шеңберінде оқу процесін регламенттеу, білім беру траекториясын таңдау негізінде білімді шығармашылық игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Тіркеу офісінің қызметі - кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы негізгі қызмет түрлерінің бірі болып табылады.

Тіркеу офісі - білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін қызмет.

Бакалавриат - академиялық «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы.

Магистратура – «магистр академиялық дәрежесі берілетін жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда ғылыми-педагогикалық кадрлар мен тереңдетілген ғылыми және кәсіптік даярлығы бар мамандарды даярлау нысаны.

Академиялық кезең - жоғары оқу орны үш нысанның бірінде айқындайтын оқу кезеңі: семестр - ұзақтығы 15 апта, триместр – ұзақтығы 10 апта, тоқсан – ұзақтығы 8 апта.

Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін білім алушылардың білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері.

Оқу пәніне жазылу - білім алушыларды белгіленген тәртіппен оқу пәндеріне алдын ала жазылу рәсімі.

Элективті пәндер каталогы - жоғары оқу орны дербес айқындаған және білім алушыларға таңдау бойынша оқуға ұсынылатын оқу пәндерінің тізбесін, олардың көлемін, аралық (аралық) бақылау нысандарын қамтитын құжат.

Таңдау компоненті - кез-келген академиялық кезеңде таңдау бойынша білім алушылар оқитын элективті оқу пәндері.

Элективті пәндер – жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі бекіткен пәндер тізбесі, олардың ішінен білім алушы белгіленген кредиттер шеңберінде өзінің Жеке оқу жоспарын қалыптастырады.

Жеке оқу жоспары - әрбір білім алушының білім беру траекториясын айқындайтын оқу жоспары.

Эдвайзер - тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

Тьютор - оқу пәндері бойынша оқытушы, ол практикалық және семинарлық сабақтар өткізеді және нақты пән бойынша консультациялар

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 6 беті

жүргізеді, СӨЖ ұйымдастыру және орындау, осы саладағы білімді құрылымдау, семестрлік және курстық жұмысты басқару, оқу практикасын ұйымдастыру.

Қорытынды бақылау - аралық аттестаттау кезеңінде немесе оқу пәнін оқуды аяқтағаннан кейін жүргізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру.

Үлгерімді ағымдағы бақылау - оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы жүргізетін оқу пәнінің әрбір тақырыбы және/немесе бөлімі бойынша білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

Аралық аттестаттау - бақылаудың ағымдағы, аралық және қорытынды түрлерінің нәтижелерін жиынтық ескеретін білім алушылардың пәнді игеру табыстылығын кешенді бағалау.

Қорытынды мемлекеттік аттестаттау - білім алушылардың тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша білім туралы құжат (диплом) беріледі.

Транскрипт - кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесін қамтитын белгіленген нысандағы құжат.

Академиялық адалдық — бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы;

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет;

- жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам;

- жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 7 беті

ISO - Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым

СТ - сапа менеджменті жүйесінің стандарты

3 ПРОЦЕСТІҢ СИПАТТАМАСЫ

Эдвайзерлер қызметінің қажеттілігі сапалы білім алу үшін жағдай жасау, білім алушылардың мамандық ішінде даярлау бағытын саналы түрде таңдау мақсатында білім алушылар мен оқытушылар арасында коммуникация орнату қажеттілігімен айқындалады.

Эдвайзер мен білім алушының өзара қарым-қатынасы білім алушының білім беру траекториясын жасау кезінде үздіксіз кеңес беру қағидаттарына негізделеді. Эдвайзер білім алушыны академияда іске асырылатын білім беру бағдарламалары шеңберінде даярлау бағыттары бойынша білім беру траекториялары моделіне сәйкес құзыреттерді қалыптастыру жөніндегі талаптармен таныстырады.

Эдвайзерлер білім алушылардың академиялық мүдделерін білдіруге және оқу үдерісі бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысуға, оларды білім алушыға электрондық жеткізгіште беруге және оған жеке оқу жоспарын жасауға және түзетуге жәрдемдесуге тиіс.

4 БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Эдвайзер ретінде ғылыми дәрежесі бар, мамандық бойынша үлкен тәжірибесі бар және оқытудың жетекшілік ететін бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында жақсы бағдарланған кафедраның жоғары білікті маманы тағайындалады. Білуі керек:

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің нормативтік және нұсқаулық құжаттарын;
- Білім стандарттарын.

5 ЭДВАЙЗЕРДІҢ МАҚСАТТАРЫ

Эдвайзердің мақсаттары келесідей:

- білім алушыларға оқытудың жеке траекториясын анықтауда және білім беру бағдарламасын меңгеруде көмек көрсету;
- тиісті мамандық бойынша оқыту траекториясын таңдау кезінде білім алушылардың қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау;
- пәндерді таңдау кезінде білім алушыларға кеңес беру;
- білім алушыларға жеке оқу жоспарларын жасауға жәрдемдесу;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 8 беті

- білім алушылардың үлгерімі мен академиялық мәртебесі мәселелерін қарайтын факультеттік кеңестер мен комиссиялардың жұмысына қатысу.

6 ЭДВАЙЗЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

Эдвайзердің қызметтік міндеттері:

- Білім алушыларды ЖОО-ның академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, оқу жұмыс жоспарының мазмұнымен, диплом алуға қойылатын талаптармен, таңдалған мамандықтың мүмкіндіктерімен таныстырады және білім алушылардың бейімділіктеріне, мүмкіндіктеріне қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес оқытудың жеке траекториясын таңдауға көмектеседі.

- Тіркеу қағидаларына (элективті пәндер каталогы, оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбелер және оқу сабақтарының кестесі шеңберінде білім беру бағдарламаларын бекіту қағидалары) сәйкес білім беру траекторияларына тіркеу рәсіміне қатысады.

- Пәндерді таңдау және тіркеу рәсімі бойынша ұйымдастыру - әдістемелік және консультациялық жұмыстарға қатысады, элективті пәндер каталогымен/білім беру траекторияларымен және мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларымен таныстырады.

- Тіркеуші кеңсесі құрастырған консультациялар кестесіне сәйкес жұмыс істейді. Білім алушылардың шұғыл академиялық мәселелерін шешу үшін эдвайзер әр оқу жылына жеке оқу жоспарларын неғұрлым ұтымды құру мақсатында белгіленген кестеден тыс топтық немесе жеке кездесулер тағайындай алады.

«ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

7 ЭДВАЙЗЕРДІҢ КЕҢЕС БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

Эдвайзердің кеңес беру қызметі келесідей:

- Білім алушыларды білім беру процесін ұйымдастыру ережелерімен таныстыру.

- Білім алушылардың басымдықтарын, олардың бейімділігі мен мүмкіндіктерін анықтау.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 9 беті

- Оқу бағдарламасымен және элективті пәндер/білім беру траекториялары каталогымен танысу (құрастыруға қойылатын талаптар: Білім беру компоненті және таңдау компоненті пәндерінің тізбесі, курстардың пререквизиттері).

- Кредиттердің саны және оларды игеру тәсілдері туралы түсіндіру.

8 ЭДВАЙЗЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Эдвайзер құқылы:

- Өз қызметін жүзеге асыру үшін оқу-әдістемелік орталықтан, тіркеу офисінен, деканаттардан оқу процесін және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша нормативтік құжаттаманы сұрату.

- Білім алушылардың білім беру траекториясын қалыптастыруға қатысты мәселелерді қарау кезінде барлық қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысу.

- Академияның әкімшілік және қоғамдық құрылымдарына оқу процесі мен оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың тиімділігін арттыру және оңтайландыру бойынша ұсыныстар енгізу.

Эдвайзер міндетті:

- Дайындық бағыттары бойынша білім беру бағдарламасының мақсатын және оның логикалық құрылымын білу.

- Білім беру қызметтерін тұтынушылардың қажеттіліктері туралы ақпаратқа ие болу (білім алушылар, практикалық денсаулық сақтау, ғылым).

- Білім алушылардың мансаптық өсу бағыттарын түсіндіру.

- Ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар өткізу: білім алушыларды элективті пәндер/білім беру траекториялары каталогымен, дайындық бағыттары бойынша жұмыс оқу жоспарларымен таныстыру, таңдалған білім беру траекториясына сәйкес жеке оқу жоспарларын жасау кезінде білім алушыларға кеңес беру.

- Білім алушыларға: білім беру траекториясын жоспарлауда; траекторияларды таңдау кезінде шешім қабылдауда; академия шегінде оқу процесіне бағдарлауда және бейімделуде; білім алушының болашақ кәсіби бағытын қалыптастыруда көмек көрсету.

- Пәндерге тіркеу рәсіміне қатысу: тіркеу нысандарын толтыруда практикалық көмек көрсету.

- Білім алушылармен жұмысты жақсарту және оқу процесін ұйымдастыру мақсатында өткізілетін іс-шаралар мен семинарларға қатысу.

- Білім алушының жеке басының қалыптасуына, оның бейімділігінің қалыптасуына ықпал ету.

- Білім стандарттары және мамандықтардың оқу жоспарларының талаптарына бағдарлана отырып, білім алушыларды оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 10 беті

- Таңдалған дайындық бағытына сәйкес білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастырудың дұрыстығына жауапты болу.

9 ЭДВАЙЗЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІГІ

Тіркеу офісінің басшысы кафедралардың тәжірибелі және коммуникативті оқытушылары арасынан эдвайзерлер тізімін уақтылы қалыптастыруға және қажет болған жағдайда эдвайзерлерді ауыстыруға жауапты.

Оқу-әдістемелік орталығының басшысы эдвайзерлерді оқыту семинарларын, тренингтер мен тұрақты консультациялар өткізу арқылы жұмысқа дайындауға жауапты болады.

Оқу-әдістемелік орталықтың, тіркеу офісінің басшылары, декандар эдвайзерлерді әдістемелік қамтамасыз етуге жауапты (оқу процесін және оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша нормативтік құжаттама).

Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.

Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Эдвайзер осы Ереженің талаптарын орындауға жауапты.

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 11 беті

10 БИБЛИОГРАФИЯ

1	Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы.
2	"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы
3	"Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы
4	"Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
5	"Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы
6	Академиялық адалдық кодексі К 121-2023
7	«Е 507-2026. «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі»

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Тіркеу офісі		Е 407-2026
Эдвайзерлер қызметі туралы ереже		3-ші басылым 12 беттің 12 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Тіркеу офісі басшысы	С. Сыздыкова

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н. Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О. Кабиштаев

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	М. Анартаева
Комплаенс-офицер	Н. Пернебаев